



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Д.Қонаев көшесі 33/1  
Тел.: 8(7172) 50-18-55  
e-mail: shl\_ast66@mail.ru

010000, город Нур-Султан, улица Д.Кунаева 33/1  
Тел.: 8(7172) 50-18-55  
e-mail: shl\_ast66@mail.ru

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

« 02 » 09 2022 ж. № 6




**2022-2023 оқу жылында жекелеген санаттың  
балаларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабы, 11 тармақшасының, 45 бабы, 3,4-тармақшаларының, 48-баптың және 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Мемлекет орта білім беру ұйымдарында білім алушыларға тамақтандыруды ұйымдастыру және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 1.2022-2023 оқу жылында мектептерде оқушыларды бір мәрте ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылсын;
2. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделсін;
3. Комиссия мүшелеріне оқушылардың күнделікті талапқа сай сапалы тамақ өнімдері мен қамтамасыз етілуін қадағалау жауапкершілігі жүктелсін.
4. Күнделікті бекітілген ас мәзірінің дәмін, сапасын тексеру, мөлшерін қадағалау, буфеттегі тағамдар, сусындардың талапқа сай болуы және асхана қызметінің санитарлық-эпидемиологиялық талапқа сай болуын қадағалау жауапкершілігі мектеп медбикесі А.Байболова және А.Ержігітке міндеттелсін.
5. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітіліп, тамақтану кестесі талапқа сай құрылсын.
- 6.Тегін тамақтанатын оқушының бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру әлеуметтік педагог Г.Становаға міндеттелсін /оқушылар тізімі, қосымша - 2 бет/
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзырыма қалдырамын.

Мектеп директоры  **А.Шаяхметова**

**Бұйрықпен таныстым**

 Станова Г.А.  
 Байболова А.К.  
 Ержігіт А.А.